

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Заңдары: «Білім туралы», «Балалар құқықтары туралы», «Мүгедектер құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы». Мәселен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» қажеттілігі айрықша деп атап көрсетілген. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Қазіргі таңда балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына барлық жағдай жасалуда.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының басты міндеттерінің бірі еліміздегі инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады, сәйкесінше, білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды жалпы білім беру процесіне қосу мен қолжетімді оқыту ортасын құрудың механизмдері анықталған.

Өздік жұмысты ұйымдастыру кезінде студенттерді нәтижелі оқу қызметіне қосу маңызды болып есептеледі.

Бүгінгі таңда студенттердің өзіндік жұмысы деп белгілі бір жүйеде жүзеге асырылатын кәсіби білім беру бағдарламасын игеру бойынша оқу-танымдық іс-әрекеттің түрі, педагогтің оны жоспарлауға және нақты нәтижеге қол жеткізуді бағалауға қатысуы түсініледі.

Кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыруға құзыреттілік тәсіл негізінде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалардың түрлері:

– білімді меңгеру үшін: мәтінді оқу (оқулық, бастапқы көз, қосымша әдебиет), мәтін жоспарын құру, мәтін құрылымының графикалық бейнесі, мәтінді конспектілеу, мәтіннен үзінділер, сөздіктермен және анықтамалықтармен жұмыс, нормативтік құжаттармен танысу, оқу-зерттеу жұмысы, аудио - және бейнежазбаларды, компьютерлік техниканы және интернетті пайдалану және т.б.;

– білімді бекіту және жүйелендіру үшін: дәріс конспектісімен жұмыс, мәтінді өңдеу, оқу материалымен (оқулық, бастапқы дереккөз, қосымша әдебиет, аудио және бейнежазба, жоспар құру, оқу материалын жүйелендіру үшін кесте құру, бақылау сұрақтарына жауап беру, жұмыс дәптерін толтыру, мәтінді аналитикалық өңдеу (аннотация, сын-пікір, реферирлеу), конспект-талдау және т.б.);

– практикалық жұмыстар үшін және есептерді ресімдеу, семинарда (конференцияда) сөз сөйлеуге баяндамалардың мультимедиа хабарламаларын, презентация материалдарын дайындау, реферат дайындау, библиография, тақырыптық сөзжұмбақтар жасау, тестілеу және т.б.;

– іскерлікті қалыптастыру үшін: үлгі бойынша есептер мен жаттығуларды шешу, вариативті есептерді шешу, ситуациялық (кәсіби) міндеттерді шешу, іскерлік ойындарға дайындық, кәсіби қызметтің әртүрлі түрлері мен компоненттерін жобалау және модельдеу, тәжірибелік эксперименттік жұмыс, аудио - және бейнетехниканы пайдалана отырып, кәсіби біліктерді рефлексивті талдау және т.б.;

Өздік жұмысты жеке немесе студенттер тобы өздік жұмыстың мақсатына, көлеміне, нақты тақырыбына, күрделілік деңгейіне, студенттердің шеберлік деңгейіне байланысты жүзеге асыра алады.

Студенттердің өзіндік жұмысының нәтижелерін бақылау пән бойынша міндетті оқу сабақтарына және студенттердің пән бойынша аудиториядан тыс өзіндік жұмысына бөлінген уақыт шегінде жүзеге асырылуы мүмкін, жазбаша, ауызша немесе аралас нысанда өткізілуі мүмкін.

Аудиториялық өзіндік жұмыстың мәнін төмендетпей, осы әдістемелік ұсыныстарда аудиториядан тыс өзіндік жұмысқа және оны ұйымдастыруға байланысты ерекшеліктерге назар аударылады. Студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмысы (бұдан әрі - өзіндік жұмыс) - оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік басшылығы кезінде аудиториядан тыс уақытта, бірақ оның тікелей қатысуынсыз жүзеге асырылатын студенттердің жоспарланатын оқу, оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу қызметі. Ол камтиды:

– аудиториялық сабақтарға (дәрістер, практикалық, семинар, зертханалық жұмыстар және т.б.) дайындалу және тиісті тапсырмаларды орындау;

– оқу пәндерінің жекелеген тақырыптары бойынша өз бетінше жұмыс істеуге;

– реферат, баяндама, эссе жазу;

– мультимедиялық презентациялар, портфолио дайындау;

– жазбаша бақылау және курстық жұмыстарды орындау;

– қорытынды бақылаудың барлық түрлеріне дайындық;

– қорытынды мемлекеттік аттестаттауға дайындық, оның ішінде бітіруші біліктілік (бакалавр) жұмысын орындау;

– студенттік ғылыми қоғамдарда, ғылыми-практикалық конференцияларда, үйірмелерде, семинарларда және т.б. жұмыстар жүргізу;

– білім беру ұйымы ұйымдастыратын және жүзеге асыратын басқа да қызмет түрлерін қамтиды.

Өздік жұмыс тапсырмаларын орындау студенттердің шығармашылық, креативті қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді және пәнді оқу процесінде практикалық тәжірибе қалыптастырады.